

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 шілдедегі № 547 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 16 тамызда № 4294 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйімдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тілілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін үйімдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан үйімдар үшін үйімның жұмыскерлерінің тізімдік санының үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нургисанов Даulet Даусеналыевичке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ыскак